

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ ЭКСПО-НЫҢ ЕНШІСІНДЕ



Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерімізді айтып өтетін болсақ, соның ең үлкені ЭКСПО-2017 халықаралық деңгейдегі мамандандырылған көрмені өткізу мүмкіндігін жеңіп алғанымыз. Бұл көрме халқымыздың, Қазақстанның дәрежесін әлем алдында тағы бір сатыға көтеруі керек. ТМД мен Шығыс елдерінің ішінде біздің еліміз бұл шараны бірінші болып өткізеді. Оны абыроймен атқару халыққа да, мемлекетке де, Үкіметке де үлкен сын. Көрмеге 115 мемлекет, 21 халықаралық ұйым қатысады, 2,5 миллионға жуық турист келеді деп күтілуде.

ЭКСПО көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізіледі. Ең алғашқы ЭКСПО бүкіләлемдік көрмесі Англияның принці Альберттің ұсынысы бойынша 1851 жылы Гайдпаркте «Хрустальды сарайда» өткен болатын. Одан кейін 1855, 1878 жылдары Парижде, 1939 жылы Нью-Йоркте, 1985 жылы Цукуба – Жапонияда, 1992 жылы Севилья – Италияда, 1998 жылы Лиссабон – Португалияда, 2000 жылы Шанхай – Қытайда ЭКСПО халықаралық көрмелері болып өткен.

ЭКСПО-2017 көрмесі арқылы біз ұлтымыздың қалыптасуымен тікелей байланысты рухани құндылықтарымызды да әлемге паш ете аламыз. Сондықтан да, біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін бұл көрмені өткізудің маңызы өте зор.

Еліміз қазіргі таңда көрмеге қызу дайындық үстінде. «Болашақтың энергиясы» атты тақырыбына сай, Отырар ауданындаудан әкімінің басшылығымен балалы энергия көздерін пайдалану арқылы көшелерге жарық беру жұмыстары жүргізілді. Өңіріміз туристерді қабылдауға, ұлттық құндылықтарымыз, тарихи-мәдени ескерткіштерімізді көрсетуге дайын деуге болады. Міндеті насихаттау болып табылатын Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайының қорынан іріктеліп алынған тарихи-мәдени құны бар жауһар жәдігерлер Астанада өтетін халықаралық көрменің төрінен орын алмақ. Сонымен қатар мәдени мұраларымызды, ұлттық салт-дәстүрімізді, этнографиялық бұйымдарымызды насихаттау, шетелге таныту мақсатында, ауданымыздан ЭКСПО көрмесіне қатысуға қолөнер шеберлері Құттықыз Палмағат, Нұрбол Пәрменкүл өз туындыларымен, мұражай қызметкері Жанұзақ Ерімбетовтің қолынан шыққан сувенирлер дайындалуда.

Төрткүл дүние көз тігіп отырған ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің басталуына санаулы күндер қалды. Келешегі кемел «Мәңгілік елге» айналар Қазақстанның елін, жерін, тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін сүйетін рухы биік азаматы ретінде бұл шараға ағсалысуға міндеттіміз.

Сәбира Зұлыхарқызы АЙТБАЙ,
Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-мұражайының аға ғылыми қызметкері.